# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Тексерді: ______________________

Оқу ісінің меңгерушісі: Шокаева А.Т., Алиманов А.Ж.

Білім беру ұйымы: «Өлеңті ауылының ЖОББМ»КММ-нің шағын орталығы

Топ:«Айналайын» кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 02.09 - 06.09.2024ж.

Педагогтың аты-жөні: Туребекова Л.К.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы*** | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. ***Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.(Музыка)*** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. ***«Күй күмбірі»Күймен балаларды қарсы алу(музыка)*** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. ***«Күй күмбірі»Күймен балаларды қарсы алу (музыка)*** (қарым- | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. ***«Күй күмбірі»Күймен балаларды қарсы алу (музыка)*** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. ***«Күй күмбірі»Күймен балаларды қарсы алу (музыка)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. (Музыка)***<br>Сәлемдесу<br>Қайырлы таң, ашық аспан!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>Қайырлы таң, күннің нұры!<br>Қайырлы таң, балабақшам!<br>Бәрі бірге айтады.<br>(сөйлеуді дамыту) | ***күмбірі»Күймен балаларды қарсы алу(музыка)***<br>Сәлемдесу<br>Таңғы сәлемдесу.<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Мақсат-міндеттері. Сәлемдесу рәсімін әдетке айналдыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>(сөйлеуді дамыту)<br>(сөйлеуді дамыту) | ***күмбірі»Күймен балаларды қарсы алу (музыка)*** (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)<br><br>BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>“Қайырлы таң”<br>https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/video/8/file/0PBtgzZUyE.mp4<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) | ***күмбірі»Күймен балаларды қарсы алу (музыка)***<br>Сәлемдесу<br>«Армысың шапағатты, Күн-Ана!»<br>Армысың шапағатты, Күн-Ана!<br>Армысың қайырымды, Аспан-Ана!<br>Армысың мейірімді, Жер-Ана!<br>Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!<br>(сөйлеуді дамыту) | ***күмбірі»Күймен балаларды қарсы алу (музыка)***<br>Сәлемдесу<br>«Достық» шеңбері.<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз,<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>(сөйлеуді дамыту) |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері" ата-анамен консультация | "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы" ата-анамен консультация | "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы" ата-анамен консультация | Әңгімелесу. "Балабақша ережелері" | "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері"ата-анамен консультаци |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(аз қимылды, үстел үсті<br>ойындары,<br>бейнелеу іс-әрекеті,<br>кітаптарды қарау және<br>басқалар)** | 1 қыркүйек - Білім күні<br>«Балабақша - жайлы мекен»<br><br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды сұрап әкелту.<br><br>*«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.<br>Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>(музыка)*<br><br>Қуыршақ ойыншығымен ойнату.<br>Міндеттері. Балаға қуыршақ | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды қолға ұстау, әртүрлі қимылдар жасату ("тұрады", "қимылдайды", "жиналады", "дыбыс шығарады").<br><br>"Пішін салғыш ойыншықпен ойын. (сенсорика, көркемсөз)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қолдың моторикасын дамыту.<br><br>Пішіндер шашылып қалды, | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, аспидистраның жапырақтары жалпақ және үлкен, ұстағанда жұқа және тегіс болуын бақылау.<br>(еңбек дағдылары)<br><br>"Пирамиданы жинау ойыны. (сенсорика)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>Кім пирамиданы шашқан, | Қазақстан халқы тілдері күні<br>"Ана тілім" атты тақырыбында әңгімелесу.<br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)<br><br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігін түсіндіру.<br><br>"Саусақ жаттығуы. "Бес саусақ".<br>(сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттері. | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ және үлкен, бетінің тегіс болуын қарастыру.<br><br>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығулар."Қуыршақ Дана".<br>Міндеттері. Балаларды қуыршақпен таныстыру барысында оның дене мүшелерінің негізгі атауларымен таныстыру; қуыршақтың сыртқы дене мүшелерінің қозғалу қасиеттерін көрсете отырып, қуыршақтың денесінен көрсете |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншығының сыртқы бейнесі адамның дене мүшелеріне ұқсастығын түсіндіру; эмоциялар сферасын дамыту.<br>Қуыршақтар күлімдейді:<br>"Кел, ойнайық!" - дейді.<br>Қуыршақты тербетейік:<br>"Ұйықташы",- дейік.<br>Д. Ахметова<br>(сөйлеуді дамыту) | Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға салайық.<br><br>"Балабақша қалайық" құрастыру ойыны.<br>Міндеттері.<br>Текшелер, кірпіштер, призмалар арқылы "балабақша" ғимаратын салуға ынталандыру; жазықтықты, кеңістікті бағдарлау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Балалар құрылыс материалдарынан балабақшаны құрастырады.<br>(құрастыру) | Сақинаны ойнап басқан,<br>Өткір тырнақтарын бүріп,<br>Домалатып, айдап қашқан?<br><br>Қимылды ойын.<br>«Доптарды салу»<br>Міндеттер: Доптарды себетке сала алады. Ойынды ұйымшылдықпен ойнай біледі.<br>(Дене шынықтыру) | Қолдың ұсақ моторикасын, сөйлеу тілін, жағымды эмоцияларды дамыту, ақыл-ой дамуына ықпал ету.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек. | білуге талпындыру; ортақ ойындарға қуыршақпен бірге қосылуға машықтандыру. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>(дене шынықтыру)<br>1."Қанаттарымызды | Жаттығулар кешені.<br>(дене шынықтыру)<br>1."Қанаттарымызды | Жаттығулар кешені.<br>(дене шынықтыру)<br>1."Қанаттарымызды | Жаттығулар кешені.<br>(дене шынықтыру)<br>1."Қанаттарымызды | Жаттығулар кешені.<br>(дене шынықтыру)<br>1."Қанаттарымызды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2."Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. | қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2."Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. | қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2."Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. | қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2."Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. | қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2."Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. "Көңілді баламыз". Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. "Көңілді баламыз". Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. "Көңілді баламыз". Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. "Көңілді баламыз". Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. "Көңілді баламыз". Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін әлдилеу әуендерін бәсеңдеу дыбыста қосып қою. Ойыншықтарды өздері қолмен ұстап, сипап көруі.<br>"Саусақтар" мультфильмін көру. Мақсаты - балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастардың жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. (сөйлеуді дамыту)<br>https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/videos/video_file/44/sausa-tar.mp4 | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру "Дана қуыршақпен сапқа тұру". Міндеттері. Балаларға Дана қуыршақпен бірге сапқа тұруды үйрету және техникасын** | **Музыка (музыка жетекшісінің жоспарымен)** | **Дене шынықтыру. "Тақтай бойымен жүреміз" Мақсат-міндеттері. Балаларға ересектің көмегімен гимнастикалық тақтайдың бойымен жүруді үйрету;** | **Дене шынықтыру. "Еңбектейміз ерінбей!" Мақсат-міндеттері. Балаларға ересектің көмегінсіз гимнастикалық тақтайдың бойымен жүруді үйрету;** | **Сенсорикадан ойын-жаттығу "Түрлі ойыншықтар" Мақсат-міндеттрі. Балаларға біркелкі заттар мен геометриялық пішіндер жөнінде** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көрсету; сапқа тұру жаттығуын орындауда ептілік пен икемділік дағдыларын дамыту; мәдени-тазалық ережелерін сақтауға тәрбиелеу.** | | **саптағы жаттығуларды жасағанда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер Данамен бірге жаттығуларға қосылуға ынталандыру; балалардың ептілік және жылдамдықтарын жетілдіру, дене, қол, аяқ бұлшық еттерін дамыту; жаттығуларды дұрыс жасай білу қабілетін жетілдіру. "Түлкі мен балапандар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Ойын ережесі бойынша ойнауды үйрету. Қимыл жылдамдығы мен шапшаңдығын дамыту.** | **саптағы жаттығуларды жасауда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер Аланмен бірге жаттығуларға қосылуға машықтандыру; балалардың ептілік және жылдамдық дағдыларын дамыту; дене, аяқ-қол бұлшық еттерін дамыту; жаттығу барысында эмоциялық көңіл күйді көтеру. "Тышқан мен мысық" қимыл ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаң әрі шыдамды болуға, ұйымшылдыққка тәрбиелеу.** | **қарапайым түсінік беру, ортақ пішіні және көлеміне қарап, оларды біріктіруге үйрету; біріктіру не бөлу тапсырмаларын үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру; біркелкі пішіндердің бір-бірінен айырмашылығын ажыратуға дағдыландыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, оларды өзара ажырату білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, танымы мен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **байқағыштығын дамыту. "Пішіндер қонаққа шақырады" іс-тәжірибе жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді анықтауды, бір-бірінен ажыратуды үйрету. Есту, еске сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту.** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | **Топырақты бақылау. Мақсат-міндттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға** | **Күнді бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып,** | **Аспанды бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның жоғарыда шатырдай болып тұрғанын, түсін атап айтуды, аспанның ашық немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін** | **Желді бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтардың желге жайқалғанын көріп, құбылыстың болғанын байқауды үйрету; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Жел бізбен ойнамақ, Оңға-солға** | **Ақшыл бұлтты бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | табанға балшықтың жабысатынын көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлеп қалады. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>- Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды?<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға | жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды | дамыту.<br>Тап-таза, көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры - аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>"Саппен жүру жаттығуы".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сапта | жасырынбақ.<br>Жапырақтар да ойнайды,<br>Күннің көзіне жылтыңдайды.<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, жапырақтарға қарайықшы, жел қайда жасырынып жүр?<br>- Жел жапырақтарды шайқап, бізбен ойнап жүр.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; | - Балалар, аспанға қараңдаршы. Бұлар не?<br>- Иә, бұлар ақ бұлттар.<br>- Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br>Д. Ахметова<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды гүлзарда қурап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>"Кім тыныш?" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; белгіге сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз. | ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап | түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркемсөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды допты | топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта белгі бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады.<br>Педагог келесі | "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады.<br>Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, балалар, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>Еркін ойындар: аулаға шығарылатын ойыншықтармен ойындар. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **(жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).<br>"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамыту, балаларды белгі бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | **екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **жолы қоңыраудың орнын ауыстырады.<br>"Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіру қабілетін қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, музыка)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | "Қуыршақтарға кәмпиттер" (мүсіндеуден ойын-жаттығу) Міндеттері. Балаларға түрлі түсті ермексазбен таныстыра отырып, одан әртүрлі көлемдегі пішіндер жасауды (ұсақтап бөліп, саусақтармен үзіп, үйкелеп) үйрету; педагогпен эмоционалды қарым-қатынасқа түсе білу дағдысын жетілдіру. Мүсіндеу барысында қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту. Балалардың ермексазбен жұмыс істеуге қызығушылықтарын | Саусақ жаттығуы: «Қуырмаш» Міндеттер: балалар ән сөзіне қарай қимыл жасай алады. Қолдың ұсақ моторикасы дамиды. (Музыка) | **"Ойыншық мысықпен ойындар". Міндеттері. Балаларға көркемсөзді тыңдауға, мысықтың мінез-құлқын бақылауға, педагогтің қимылына еліктеуге және өлеңге эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу. Мысық, мысық, мысығым, Жолға отырма, пысығым. "Тәй-тәй" басқан бөпешім, Жолдан өтем демесін. Сенен аттай алмайды, Құлап қалып** | **Бауы байланатын ойыншықпен ойнату. Міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; бауды баулауды үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдар: бауы байланатын ойыншықтар. Бауды ұшынан алайық, Тесіктен өткізіп байлайық. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **"Торғай" саусақ жаттығуы. Міндеттері. Балаларды тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. Балалар бас бармақтарын біріктіреді, құстың ұшқанын келтіреді,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру; адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.<br>Саусақ жаттығуы.<br>Саусақтарды аш, жап,<br>Шапалақта, шап-шап.<br>Жұдырықтан, бұлттан,<br>Тамшылатып, там-там. | | **жүрмесін! (Тусипжанова-Шагирова А.) (сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | | **алақандарын қағады. Сұқ саусақтарымен үстел үстін қағады. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)** |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері" | "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы" | "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?" | Әңгімелесу. "Балабақша ережелері" | "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері" |